



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

# ЕСЕП

**«7» мен «9» маусым 2018 ж.**

**аралығы мерзімінде**

**«Хромтау тау – кен техникалық колледжі» МКҚК**

**010100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»**

**051000 «Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану»**

**мамандықтарының білім беру бағдарламаларының**

**мамандандырылған аккредиттеу стандарт**

**талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында сыртқы сараптау**

**комиссияның жұмыс қорытындысы мен бағалау**

Хромтау 2018

**АКРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТИҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ**

**Сыртқы сараптау комиссиясы**

**АжРТА аккредиттеу  
кеңесіне ұсынылады**



Независимое агентство  
аккредитации и рейтинга

**«7» мен «9» маусым 2018 ж.**

**аралығы мерзімінде**

**«Хромтау тау – кен техникалық колледжі» МКҚК**

**010100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»**

**0510000 «Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану»**

**мамандықтарының білім беру бағдарламаларының**

**мамандандырылған аккредиттеу стандарт**

**талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында сыртқы сараптау**

**комиссияның жұмыс қорытындысы мен бағалау**

**ЕСЕБІ**

**Хромтау қ.**

**«9» маусым 2018 жыл**

## МАЗМҰНЫ

(I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ .....	<b>Ошибка! Закладка не определена.</b>
(II) КІРІСПЕ .....	4
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАНЫСТЫРУ .....	5
(VI) ССК КЕЛУІ (1-2 стр).....	7
(V) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АКРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ .....	9
6.1. Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару» .....	9
6.2. Стандарт «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» .....	12
6.3. Стандарт «Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі».....	17
6.4. Стандарт «Білім алушылар».....	18
6.5. Стандарт «Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын ресурстар».....	21
6.6. Стандарт «Жекелеген мамандықтар шеңберіндегі стандарттар».....	24
(VII) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ/ КҮШТІ ҰСТАНЫМДАР (1 стр)	26
(VIII) САПАНЫ АРТТЫРУДАҒЫ БЕРІЛГЕН ҰСЫНЫСТАР (1-2 стр).....	27
Қосымша 1. Бағалау кестесі «МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БЕЙІН ӨЛШЕМДЕРІ».....	30

арта

**(I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ:**

ССК – сыртқы сараптау комиссиясы;

МЖББС - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

МКҚК – мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

ММ – мемлекеттік мекеме;

АКТ - ақпараттық-коммуникациялық технология;

ИПҚ – инженерлі-педагогикалық қызметкерлер;

БҒМ – білім және ғылым министрлігі;

АРТА – аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі;

ББ – білім беру бағдарламасы;

ОҚ – оқытушы құрамы;

ЦК –циклдық комиссия;

ҚР - Қазақстан Республикасы;

ЖОЖ - жұмысоқужоспары;

БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары;

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

ТжКББ – техникалық және кәсіптік білім беру;

ҮОЖ – үлгілік оқу жоспары;

КДДБ - кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және беру;

ЖПМ – жас педагогтар мектебі;

ОӘК-оқу-әдістемелік кешен.

## II) КІРІСПЕ

2018ж. 7 - 9 маусым аралығы мерзімінде акредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің 06.11.2017ж. №71-17-ОД бұйрығына сәйкес «Хромтау тау – кен техникалық колледжі» МКҚК 010100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», 0510000 «Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану» мамандықтарының білім беру бағдарламаларының мамандандырылған акредиттеу стандарт талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында акредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің ішкі эксперттік комиссиясы бағалау жүргізді.

Сыртқы сараптау комиссия есебі «Хромтау тау – кен техникалық колледжі» МКҚК қызметінің акредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің бағалау критерилеріне сәйкестігі мен сыртқы сараптау комиссия ұсыныстарын қамтиды.

ІЭК құрамы:

1. **Комиссия төрағасы** – Салимгреева Гульнар Хамитовна, Ақмола облысы, Чаглинка с., «Жоғары агро - техникалық колледжі» МКҚК, оқу жұмысы жөніндегі директор орынбасары;
2. **Шетел expertі** – Соснин Вячеслав Викторович, Ресей Федерациясы, Омск қ., «Союз» орталығы директоры;
3. **Expert** – Харский Евгений Сергеевич, Ридер қ., «Риддер аграрно-техникалық колледжі» МКҚК, оқу жұмысы жөніндегі директор орынбасары;
4. **Expert** – Мусина Гаухар Кафаровна, Петропавл қ., «Оңтүстік –Қазақстан кәсіптік – педагогикалық колледжі» МКҚК, арнайы пән оқытушысы;
5. **Expert** – Сыздыкова Айгуль Шаяхметовна, Балқаш қ., «Қазақмыс» Корпорациясының политехникалық колледжі;
6. **Expert** – Аблаев Марат Абдилхасымович, «Жетіқара политехникалық колледжі» МКҚК, оқу- өндірістік жұмысы жөніндегі директордың орынбасары, (Жетіқара қ.);
7. **Expert** – Пережняк Елена Юрьевна, «Екібастұз политехникалық колледжі» МКҚК тау-кен бөлімінің меңгерушісі, (Екібастұз қ.);
8. **Expert** – Иванова Наталья Ивановна, преподаватель спец. дисциплин КГКП "Ы.Алтынсарин ат. Рудный элеуметтік-гуманитарлық колледжі " (Рудный қ.);
9. **Наблюдатель от Агентства** – Бекенова Динара Каирбековна, АРТА ТЖББұйымдарының акредиттеу жөніндегі жобажетекшісі (Астана қ.);
10. **Работодатель** Быстрова Ольга Васильевна - "ТНК Казхром" АҚ филиалы Дөң тау-кен байыту комбинатының адам ресурстарын басқару №2 бюросының бастығы Хромтау қ.);
11. **Студент** – Мухтаров Бекзат Амантайұлы, 1201000 «Автомобиль көлігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша 2 курс студенті, Ақтөбе политехникалық колледжі (Ақтөбе қ.).

### **(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ сипаттамасы**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Хромтау тау – кен техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны жедел басқару құқындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық – құқықтық нысанында заңды тұлға болып табылады. Колледжге қатысты коммуналдық меншік құқығын ақтөбе облысының әкімдігі орындайды. Колледждің мемлекеттік басқару органы «Ақтөбе облысының білім басқармасы» болып табылады.

Заңды мекен жайы: Қазақстан Республикасы, 031100 Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Есет батыр көшесі, 9, тел (факс) 871435-2-32-76, электронды почта адресі hromtau-hgtk.kz

Оқу орнының бай тарихы бар. Өз құрылымында колледж бірнеше кезеңдерден өткен.

ХТКТК тарихы 38 жылдан бұрын басталды. Оқу 18 қыркүйектен басталған. Бірінші түлектері 1983 жылы болды. Содан бері 34 жыл өтті. Соған сәйкес 34 бітіруші түлек болды.

Төмендегідей мамандықтар бойынша түлектер дайындады; электрослесарь, гаэлектрдәнекерлеуші, ЭВМ операторы, бақылау – өлшеу аспаптары және автоматика бойынша слесарі, жолаушы, автокөлікті жөндей слесарі, қондырғаларды жөндеу слесарі, кең профильді байытушы, аспаз – кондитер, сатушы, фермер, кең профильді шебер – құрылысшы.

Бұл мамандықтардың тізімін училищеге білім алушылардың кәсіби дайындығына мүдделі базлық кәсіпорын Дөң ТКБК тапсырыс береді. Училище ДөңТКБК мамандар дайындайтын ұйым болды. 80 жылдары училище ерекше көтеріліп, жетілді; оқу кабинеттері қалыптасты, шеберханалар, зертханалар қалыптасты, мектептерден үздік педагогтар келді. Көптеген түлектер жоғары білім алып, бүгінгі күнге дейін ДөңТКБК цех, учаскелерінде еңбек етіп келеді.

2012ж. 1 қыркүйектен бастап 10.07.2012ж. №240 қаулыға сәйкес №4 кәсіптік лицей «ХГТК» МКҚК болып қайта ұйымдастырылды.

«Хромтау тау-кен техникалық колледжі» МКҚК Жарғымен анықталған мақсат, міндеттеріне сай білім беру қызметі мемлекеттік лицензияға сәйкес жүзеге асырылады.

Ақтөбе облысының білім саласындағы бақылау Департаментімен 2012 жылғы 15 қарашада берілген № 12016326 лицензияға қосымшаларымен бірге, қосымша № 002, № 004, № 006 05.04.2017 жылғы, төмендегідей мамандықтар бойынша жүзеге асырылады.

0510000 «Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттау» мамандығы ХТКТК 2003 жылы ашылған. ҚР 05-2008 мамандықтар классификаторына сәйкес 0510000 «Іс қағаздарын

жүргізу және мұрағаттану» мамандығы бойынша төмендегі біліктіліктер негізінде мамандар даярлайды:

- 0501012 референт - хатшы;
- 0510023 іс қағаздарын жүргізуші.

0510000 «Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттау» мамандығының білім беру бағдарламасы 2012ж. 23 тамызда бекіткен ТжКББ ЖМББС қаулысына сәйкес әзірленген.

Мамандарды даярлау мемлекеттік тілде жүргізіледі. 2017-2018 оқу жылының 1 қыркүйегіне білім алушылар контингенті - 25 адамды құрайды.

2012-2020 жылдар аралығында моно – калаларды дамыту бағдарламасы мен ҚР Үкіметінің 2012ж. 25 мамырындағы №683 бекітілген Қаулысына сәйкес, 2013 жылдан ХТКТК 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы ашылған. ТжКББ мамандықтарының классификаторына сәйкес 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы 0101013 - «Мектепке дейінгі ұжымдардың тәрбиешісі» біліктілігін әзірлейді.

0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының білім беру бағдарламасы 2012ж. 23 тамызда бекіткен ТжКББ ЖМББС қаулысына сәйкес әзірленген.

Мамандарды даярлау ақылы түрде келісімшарт арқылы қабылданады, күндізгі және сырттай формада, білім беру орыс тілде жүзеге асады.

2017 жылы колледж мемлекеттік аттестаттаудан өткен.

2017-2018 оқу жылының 1 қыркүйегіне білім алушылар контингенті - 887 адамды құрайды. Оның ішінде 602 білім алушы күндізгі бөлімде білім алады. Мемлекеттік тапсырыс бойынша 528 студент.

0510000 «Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттау», 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандықтары бойынша білім алушылар контингенті:

Студенттер саны	2015-2016	2016-20167	2017-2018
0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»			
Күндізгі бөлімде	28	31	11
Сырттай бөлімде	40	24	30
<b>Барлығы</b>	<b>68</b>	<b>55</b>	<b>41</b>
0510000 «Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану»			
Күндізгі бөлімде	-	-	25
Сырттай бөлімде	-	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>25</b>

## ССК КЕЛУ СИПАТЫ

ІЭК «Хромтау тау – кен техникалық колледжі» МКҚК келуі колледж диреторы мен ССК төрағасының келісілген бағдарламасы негізінде жүзеге асты.

Жұмыс барысында ССК визуалды колледж инфрақұрылымы: оқу кабинеттері, зертхана, шеберхана, кітапхана, компьютерлік класстар, жаттығу залдары, оқу залы, спорт залы, жатақхана, медициналық пункт, асхана қаралды.

Мақсатты бақылау нысандарынан бөлек білім алушылармен, колледж түлектері және жұмыс берушілермен сұхбаттар жүргізілді. Кездесуге барлығы 222 адам қатынасты.

1 кесте. АЖРТА ССК кездескен қызметкерлер мен білім алушылар саны:

<b>Қатынасушылар категориясы</b>	<b>Саны</b>
Директор	1
Директор орынбасарлары	4
Бөлім меңгерушілері	4
Оқу бөлімі меңгерушісі	1
ЦӘК төрағалары	3
Аға шебер	1
Методист	1
Бас бухгалтер	1
Бухгалтер	1
Мем. сатып алу менеджері	1
Кадр бөлімі меңгерушісі	1
Кадр жөнінде инспектор	1
Хатшы	2
Педагог- ұйымдастырушы	1
Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы	1
Педагог-психолог	1
Әлеуметтік педагог	1
Оқытушылар	35
Студенттер	45
Түлектер	35
Әлеуметтік серіктестер	22
Ата – аналар	57
<b>Барлығы</b>	<b>222</b>

Акредиттеу бағдарламасына сәйкес 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы негізінде тәжірибе базалары №1 «Күншуақ», №3 «Айгөлек», №5 «Ақбота»,



№6 «Ақкогершін» балабақшалары қаралды. Тәжірибе алаңдары қаралған уақытта жұмыс берушілер мектепке дейінгі ұйым қызметі мен тәжірибеден өткізу сапасы туралы таныстырып өтті.

Тәжірибе алаңдарын қараған мезгілде 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша білім алатын 3 курс студенттері оқу кестесі мен жұмыс оқу жоспарына сәйкес «Жазғы практика» өндірістік тәжірибесінен өтіп жатыр. Колледж директоры мен жұмыс беруші тарапынан бекітілген өндірістік тәжірибе бағдарламасы мен тәжірибе жұмысының кестесінің жүзеге асуын бақылау мақсатында әр студентке тәлімгер – тәрбиеші бекітілген. Тәлімгер – тәрбиешілерді балабақша әдіскері мен басшылығы тағайындайды, (Мукаева Н. – еңбек өтілі - 2 жыл. № 3 «Айгөлек» балабақшасы) тәжірибесі және II біліктілік категориясы бар мамандар болуы тиіс. Өндірістік тәжірибе барысында білім алушылар тәлімгерлерімен бірге оқу – тәрбие процесін жоспарлап, өткізген.

№ 3 «Айгөлек» балабақшасында тәжірибеден өтіп жатқан №306 топ білім алушылары Молдыбаева Жұлдыз, Қоблабай Айда, Қайратқызы Диананың тәлімгерлер – тәрбиешілері Кувандыкова А. А., Мукаева Н. А., Аушуова Н. Б. бірігіп орындалып жатқан жұмыс процесін түсіндіріп өтті және келу уақытындағы режимдік процестің жаңа технология Монтессори жүйесі бойынша жүзеге асып жатқандығын көрсетті. Балабақша меігерушісі Жолимовой Р. О. колледж және жұмыс беруші арасында тығыз қарым – қатынастың орнағандығы туралы баяндап өтті.

№1 «Күншуақ» балабақшасының Іші сәбилер тобында тәжірибеден өтіп жатқан 306 топ студенті Скидан Татьяна. Барып қаралу кезінде балалар түскі ас ішіп түскі ұйқыға дайындық кезеңі болды. Білім алушы ерте жастағы балалардың күн режимін ұйымдастыру методикасын жақсы меңгергендігін көрсете білді және балалардың серуенін ұйымдастыру әдістемесі мен оқу – тәрбие жұмысының мақсатын анықтау бойынша әлі де білімін толықтыру қажеттігін көрсетті.

№ 5 «Ақбота» балабақшасында өндірістік тәжірибеден өтіп жатқан 306 топ студенттері .Октяброва Сағыныш, Елеуова Ляйля. Балабақша меңгерушісі Баймағамбетова С.С., мен әдіскері білі алушыларға қойылатын талаптар мен жасалатын жағдай туралы айтып өтті. Балабақшада тәжірибе өтуші студенттерге арнайы кабинет бөлініп, құжаттармен жұмыс жасауға жағдай жасалған.

Сонымен қатар, сыртқы сараптау комиссия № 6 «Ақкөгершін» балабақшасында болды. Балабақшада 2017 жылғы колледж түлектері Қосаева С., және Кыдырәлі Л. Жұмысқа орналасқан.

Сыртқы сараптау комиссия акредиттеу білім беру бағдарламалары бойынша сабаққа қатынасты. № 106 тобы «Қазақ әдебиеті» пәні, сабақ тақырыбы «ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев». Пән оқытушысы Сауанова Г.Қ. (жоғары санатты). Оқытушы өз сабағында нтерактивті тақта, көрнекі құралдар мен үлестірме материалдарды тиімді пайдаланды. Студенттер сабаққа белсене қатынасып, практикалық тапсырмалар орындады. Сабақ барысында топтағы бар студент сабақта белсенділік танытты.

Кірген сабақ қорытындысы негізінде педагог мамандардың сапалық құрамының

жоғары деңгейі мен теориялық және әдістемелік білімдерінің тереңдігін байқатады.

## **(I) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АКРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ**

### **6.1. Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»**

- ТжКБ ұйымыББ дамыту жоспарын әзірлеуін, оның мүдделі тұлғалар, білім алушының мемлекеттің қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталғанын көрсетеді
- ТжКБ ұйымыББ дамыту жоспарының қолда бар ресурстарға, еңбек нарығының қажеттілігіне және ҚР білім беру саясатына адекваттығын қамтамасыз етуі қажет
- ТжКБ ұйымыББ дамыту жоспарын қалыптастыруға мүдделі топтардың өкілдерін, соның ішінде білім алушыларды, педагогикалық ұжымды және жұмыс берушілерді тартуы қажет
- ТжКБ ұйымыББ дамыту жоспарын қалыптастыру үдерістерінің айқындығын көрсетеді. ТжКБ ұйымы мүдделі тұлғалардың ББ дамуы жоспарының мазмұны және оны қалыптастыру үдерістері жөнінде хабардар болуын қамтамасыз етеді
- ТжКБ ұйымыББ дамыту жоспарын қалыптастыру мен тұрақты түрде қайта қараудың және оны іске асырудағы мониторинг жүйесінің тетіктерін анықтауы тиіс
- ТжКБ ұйымыББ –ны жүзеге асыру туралы ақпаратты жүйелі түрде жинақтайды және талдайды, барлық бағыттар бойынша өзін-өзі бағалау жүргізіледі, ББ даму жоспарын құрастырып, қайта қарастырады
- ББ даму жоспары барлық мүдделі жақтар өкілдерінің қатысуымен ашық талқылаудан өтіп, берілген ұсыныстар мен түзетулер негізінде ТжКБ ұйымының өкілетті алқалы органы жобаға өзгертулер енгізеді
- ТжКБ ұйымы ББ қаржыландыру жүйесінің орнықтылық, тиімділік, нәтижелік, басымдылық, ашықтық, жауапкершілік, өкілетті табыстау, шектеу және дербестік қағидаларының іске асыру дәрижесін көрсетеді
- ББ-ны басқару:
  - үдеріс арқылы қызметті (іс- әрекетті) басқару
  - жоспарлау, дамыту және үнемі жақсарту тетіктерін
  - мониторингті, соның ішінде жоспарларды жүзеге асыру мен қызмет ету динамикасын анықтауға мүмкіндік беретін есеп беру үдерістерін құру
  - өзгерістердің тиімділігін талдауды
  - бөлімшелер қызметінің нәтижелігі мен тиімділігін және олардың өзара қарым-қатынастарын бағалауды қамтуы тиіс
- ТжКБ ұйымында білім беру бағдарламасының іске асыру регламентін белгілейтін барлық негізгі бизнес-үдерістер құжаттандырылуы қажет
- ТжКБ ұйымы бизнес-үдерістердегі жауаптыларды нақты анықтағанын, ББ іске асыру барысында Қатысатын қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бір мағыналы түрде бөлгенін, алқалы органдар қызметін ажыратқанын көрсетуі тиіс

- ТжКБ ұйымы осы үдерістің регламентін белгілейтін құжаттар мен білім беру бағдарламаларды мониторингін және мезгілдік пікір беруін (қайта қарау) бекіту тәртібін көрсетуі керек
- ТжКБ ұйымы білім алушыларға, қызметкерлерге, мүдделі тұлғаларға бағытталған хабарландыру мен кері байланыс жүйесінің болуын және тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуі тиіс
- ББ басшылығы ББ-ның сапасын қамтамасыз ету жүйесінің табысты қызмет етуін көрсетуі керек, оның ішіне жобалау, басқару және мониторинг, олардың жақсаруы, фактілер негізінде шешімдерді қабылдау кіреді
- ББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқару жүйесінің ашықтығын дәлелдеп көрсетуі міндетті
- ТжКБ ұйымы ББ басқару үдерістерінде статистиканы жинақтау және талдау жүйесінің бар болуын және қарқынды қолдануын дәлелдеп көрсетуі міндетті
- ББ басшылығы оқытушылардың, қызметкерлердің, білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін өлшеуді қамтамасыз етіп, өлшем үдерістері аясында табылған кемшіліктерді жойғанын көрсетуі міндетті
- ББ басшылығы білім алушыларға, оқытушыларға, ата-аналарға қолжетімдігі мен ашықтығын дәлелдеп көрсетуі міндетті

### ***ДӘЛЕЛДЕМЕ БӨЛІМІ***

010100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», 0510000 «Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану» мамандықтарының бойынша мамандарды даярлау білім беру бағдарламалары ҚР ЖМББС мен УОБ талаптарына сәйкес. Жұмыс бағдарламасында жұмыс оқу жоспары, пәндер бойынша оқу бағдарламалары, күнтізбелік – тақырыптық жоспарлар, кәсіби және өндірістік тәжірибе бағдарламалары мен әзірленген оқу – әдістемелік кешендерді қамтыды. Осы құжаттардың барлығы ішкі эксперттік комиссияға ұсынылды. Мамандар даярлау бағдарламасы колледж миссиясы мен мақсат – міндеттерінің орындалуына бағытталып, кадр әлеуеті мен материалды – техникалық база сәйкес келеді. Оқу кабинеттері, зертханалар қажетті құрылғылармен толығымен жабдықталған, тәжірибе базаларымен келісімшарттар әзірленген.

Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру жоспары бар. Колледжді басқарудың жоғары органы педагогикалық кеңес болып табылады.

Колледждегі жүргізілетін оқу – тәрбие процессі білім беру сапасының артыру мен сақтау шараларына бағытталған. Оның дәлелі колледж студенттерінің жеткен жетістіктері көрсеткішінің бірқалыпты өсіммен дамығандығы. Сабақтан тыс уақыттардағы студенттердің уақытын ұйымдастыру және оқу қызметінің мониторингі жүргізіледі.

Сауалнамаға білім алушылар, ата – аналар, түлектер, бөлім меңгерушілері, оқытушылар мен әлеуметтік серіктестер қатынасты. Сауалнама қорытындысы бойынша қызмет бағыттары сәйкес шешімдер қабылданып, жоспарларға түзетулер енгізіледі.

ССК мүшелері кездесулер мен сұхбаттар барысында тереңірек колледждің

инфрақұрылымы, материалды – техникалық базасы және ақпараттық – әдістемелік ресурстарымен танысты.

Жинақталған мәліметтер бойынша төмендегідей ақпараттар алынды:

- Сұралған 41 оқытушының 41 колледж миссиясы оқу бағдарламаларында өте жақсы кіріктірілген (17 адам (41.5%) – жақсы, 24 адам (58.5%) – кте жақсы), ИПҰ білім беру бағдарламалары (22 адам (53,7 %) – кте жақсы, 18 адам (43, 9%) – жақсы, 1 адам (2,4%) - қанағаттанарлық); ИПҰ әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді (22 адам (53,7 %) – өте жақсы, 19 адам (46, 3%) – жақсы)

- 100 %, сұралған 55 студент оқу бағдарламасы талаптары қанағаттандыратындығын, колледж басшылығы мен оқытушылардың қарым қатынасынаның жақсы деңгейде екендігі мен студенттерге қойылатын талаптармен толық келісетіндігін көрсеткен.

- Акредиттеуден өткен бөлімдер колледж түлектерінің шығарылуы, жұмысты жоспарлау, жүзеге асыру, бақылау және бағалау мониторингін белгіленген құжаттарға сүйене орындайды. Мониторинг – оқу – өндірістік қызметтің барлық түрлері мен экскурсия, зертханалық жұмыстар, тәжірибелік сабақтарды да негізге алады. Жалпы біліктілікті меңгеру: жалпы білімді, әлеуметтік – этикалық біліктілікті, басқару – ұйымдастыру біліктілігі, кәсіби және әлеуметтік қызметті орындау деңгейі, білім деңгейіне қарай географиялық, әлеуметтік бейімделе білу сынды біліктіліктерді қамтиды. Арнайы біліктерін білім алушылар арнайы пәндерді оқу барысы мен курстық жобалау, кәсіби, өндірістік, дипломалды өндірістік тәжірибе барысында жинақтайды.

Акредиттеу білім беру бағдарламалары МЖББС және ҚР ТжКББ саласының заңнамалық құжаттарына, колледж миссиясына және жұмыс беруші талаптарын орындауға сәйкес әзірленген.

0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», 0510000 «Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану» мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын дамыту бағдарламалары бар.

Колледж қызметі жұмысының барлық бағыттары білім беру сапасын сақтау және дамытуға арналған. Оған дәлел студенттердің оқу жетістіктерінің бірқалыптылығы мен ББ түлектердің толығымен қабылдауы, кәсіби қызметтерінің өсуі және карьералық өсуі. Сонымен қатар, сабақтан тыс уақыттардағы студенттердің бос уақытын тиімді пайдалану, оқу қызметтерінің нәтижесі, әлеуметтік – тұрмыстық салаға қатысты мәселелерді анықтау мақсатында уақытылы мониторинг жүргізіліп отырған. Білім бағдарламалары туралы анықтамалар мен қабылданған шешімдер колледж сайтына шығарылып, жұмыс берушілерге ата – аналар мен студенттерге уақытылы жеткізіліп отыратындығы қарастырылған.

ССК колледж әкімшілігі, орынбасарлары, оқытушылар, бөлім меңгерушілері, ЦӘК төрағалары, оқытушылар, жұмыс берушілер және студенттермен кездесулер ұйымдастыру

мен сауалнамалар жүргізу барысында колледждің инфрақұрымымен және материалды – техникалық базасымен толығымен таныстық.

«Білі беру бағдарламасын басқару» стандартын қорытындылай келе, білім бағдарламалын нәтижелі жүзеге асыру жұмысы жоспарлы, нақты мақсат – міндеттерді жүзеге асыру жұмысының орындалуының ашықтығы мен қолжетімділігі болуы тиіс, қорытындылай келе бұл мәселенің шешімі колледж сайты арқылы жүзеге асады.

Білім беру ұйымы оқу орнының стратегиялық жоспарын әзірлеу мен жүзеге асыру қызметін көрсетіп отыр. Бұл процесте білім алушылар, педагогикалық ұжым, ата – аналар, жұмыс берушілер қатынасады. Кезесулердің нәтижелері бойынша барлық қызығушылық танытқан тұлғалардың жоспар мазмұны мен жүзеге асырудағы қорытындылары туралы уақытылы ақпараттандырылғаны анықталды. Колледж сайтында педагогтардың білім беру қызметі бойынша жаңа технологияларды және оқытудың интерактивті формаларын еңгізу толығымен ашылмаған.

### ***Күшті жақтары / үздік тәжірибе***

- Білім бағдарламалары мемлекет қажеттіліктерін, студенттер мен қызығушылық танытқан тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған;
- ББ даму жоспары білім беру ресурстарымен қамтамасыз етілген, ҚР білім беру саясатына сәйкес және еңбек нарығы сұраныстарын қамтамасыз етеді.

### **СЭК ұсыныстары**

1.Түлектердің кәсіби және базалық құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында практиканың барлық түрлері мен жекелік әдістемелер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын қайта қарап шығу;

2. 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша кәсіптік және өндірістік тәжірибенің оқу жұмыс бағдарламасын қайта қарастыру;

3. Колледж оқытушылар тарапынан кәсіптік және өндірістік тәжірибенің сапалы өтілуін бақылау әрі бағалау мониторинг механизімін құру:

ВӘК –тің белгілеуінше, аталмыш стандарттары бойынша мамандандырылған профиль 12 мықты позицияны құраса , 12- қанағатанарлық, ал 1- жақсартуда әлі талап етеді

### **6.2. стандарт «Білім беру бағдарламасының спецификасы**

1. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы білім,білік, дағды, базалық және кәсіби құзыреттілікті біріктіріп, білім беру бағдарламасына түлектер моделін енгізіп дайындау қажет.

2.Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы оқу сабақтарының мазмұның,көлемін,өтілетін пәндердің болашақта түлектердің кәсіби білімін терең меңгеруіне тигізейін оңтайлы әсерін анықтауы қажет.

3. ББ жетекшілігі оқу пәндерінің мазмұны кәсіби контекске негізделуін көрсетуі қажет

4. ББ жетекшілігі пәндердің теориялық және тәжірибиелік бағыт арасындағы баланс тиімділігін көрсетуі қажет.

5. Пәндер атаулары мен мазмұны білім алушылар үшін түсінікті болуы тиіс.

6. Білім беру бағдарламасының құрылымында әрбір студенттің базалық және кәсіби қабілетін ескере отырып, әрекеттердің барлық түрін қарастару қажет.

7. Жұмыс берушілердің қызығушылықтарын ескере отырып, білім беру бағдарламасын жаңарту маңызды фактор болып саналады.

Бағалау критериясы.

1. ББ жетекшілігі оқыту тіліне қарамастан, білім алушыларды бірдей мүмкіндіктермен қамтамасыз ету.

2. ББ жетекшілігі білім беру процесі бойынша туындаған сұрақтарға консультация беріп отыруы шарт.

3. ББ-ны игеруде басшылық тиімді әрі оңтайлы жағдай туғызып отыр

4. ББ жетекшілігі ББ-ны жүзеге асыруды білім алушылардың және қабілеттерін есепке ала отырып, мәдениеттілікке бағалау қажет.

5. ББ жетекшілігі ББ-ны жүзеге асыру барысында жеке қолдануы қажет.

6. ББ жетекшілігі білім алушылардың жетістік мониторингі жүйесін дәлелдеу қажет.

Бағалау критерийі: білім алушылар бағаларының қорытындысы.

1. ББ жетекшілігі оқытудың қорытынды бағасының объективті қызметтік механизмінің тиімділігімен қамтамасыз ету қажет.

2. ББ жетекшілігі білім алушыларды жоспарланған білім, білік, дағды мен алған бағаның сәйкестігімен қамтамасыз етуі қажет.

3. ББ жетекшілігі курс бойынша өтілген пәндердің негізінде білім, білік, дағдыны қаншалықты меңгергендігі жөнінде білім алушылар диагностикасын өткізу.

4. Оқытудың үрдісін мен қорытынды бағалау критерийі айқын болуы тиіс.

Бағалау критерийі; оқыту әдістемесі

1. ББ жетекшісі оқытуға инновациялық белсенді әдістемелерді енгізу мен дамудың жүйелігімен қамтамасыз ету қажет

2. Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында білім алушылардың өзіндік жұмыс мониторингін құру.

3. ББ жетекшілігі мамандықтары бойынша өндірістік және кәсіби тәжірибеден өтуге мүмкіндігімен қамтамасыз ету қажет.

4. ББ жетекшісі білім беру үрдісіне оқытушылардың тәжірибелік жетістіктерін енгізуді қамтамасыз ету қажет.

Дәлелдеу бөлімі

«Іс жүргізу және мұрағаттану» мамандығы бойынша колледжде модульді-құзыретты оқыту түрі енгізілген. Оқытудың модульді жүйесі өз қызметін сәтті атқарып келеді. Жұмыс беруші мен әлеуметтік серіктеспен кездесу барысында СЭЖ бұған толықтай көз жеткізу.

Жұмыс тобы зертханалық және тәжірибелік сабақтардың, тәжірибелік оқытудағы оң өзгерістер мен оқу жоспары, бағдарламаларды жетілдіру анализдерін жүргізді.

Эксперт тобы де білім беру бағдарламаларының мазмұнын жетілдіру бойынша анализдер өткізілді.

Колледжде оқу жұмысы ҚР. Білім және ғылым министірлігі бекіткен нормативтік-құқықтар актіге сәйкес жүргізіледі.

ББ даярланатын әрбір мамандықтар бойынша кейіндентреді орнықтайды. ББ түлектер моделін жасап шығарады;

- ✓ Жеке құзыреттілігінің өзіндік дамуы;
- ✓ Әлуметтік-этикалық құзыреттілік;
- ✓ Ақпаратты-коммуникативті құзыреттілік;
- ✓ Кәсіби құзыреттілік

Мемтелкеттік білім беру стандарттарына сәйкес Т және К білім беру ұйымдарында болашақ түлектердің білімін саралайтын, олардың игерген білім, білек, дағды, кәсіби әрекеттерінің байланысын бақылайтын міндей форма түрі, ал- курыстық жұмыс пен курстық жоба болып табылады.

0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша «Балалармен және табиғатпен танысу әдістемесі» сабағы бойынша курстық жұмыс тапсырылады.

Білім алушылардың балабақшаларда өткізілген іс тәжірибесінен, оларға берілген мінездемелеріне, мамандардың сапалы дайындалуы туралы әлуметтік серіктестердің пікірін талдай келе, мынақорытынды жасауға болады;

Білім алушылардың еңбекке деген қатынасы қалыптасқан, белсенді өмірлік ұйымтайым, жақсы кәсіби білім, еңбек нарығындағы қажеттілік, бәсекеге қабілеттілік балаптары жақсы жолға қойылған.

Жалпы кәсіби мәдениеттілікке мыналар жатады: жалпы білімділік, әлуметтік-этикалық құзыреттілік, ұйымдастырушы-басқарушылық және эканомикалық білік. Кәсіби білім білік арнайы пәндерді оқыту барысында, сондай-ақ, курстық жобаларды қорғау, өндірістік және дипломалды тәжірибе кезінде қалыпталады.

Колледж студенттерін мамандыққа сай дайындауда , олардың ғылыми-зеріттеулік әдістері, конференция мен байқауларға қатынасуы бірізді қатынасқан.

Студенттердің құзыреттілігін қалыптастыруда топтан тыс шараларды ұйымдастыруға көп көңіл бөлінеді. Атап айтсақ, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»

мамандығы бойынша қатысым 100% -ды көрсетсе, «0510000 Іс жүргізу және мұрағаттану» мамандығы 92% көрсетіп отыр.

СЭК-тің студенттер арасында өткізілген сауалнама көрсеткіші:

- Студенттердің 94,5-ы кітапхана қызметі мен оқу залына толық көңілдері толады.
- Студенттердің 92,7-ы оқу процессінде оқытушылардың кері байланысына, жеделдігіне толық қанағаттанады.
- 89,1-ы колледждегі оқу ресурстарына қанағаттанады.

Күшті тұстары/ үздік практика

- Педагогикалық ұжымның өмірге белсенділік таныту;
- ББ уайымдауда педагогикалық ұжымның араласуы;
- Тәжірибеге бағытталған пәндер мен теориялық пәндердің байланысуы;
- ББ сұрақтары бойынша білім алушыларға көрсетілетін функционалдық жүйесі.

Кесте 4

0510000 «Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану» мамандығы бойынша студенттердің сабақтан тыс уақытын ұйымдастыру

р/с	Студенттің аты-жөні	Колледжде		Колледжден тыс
		Спорттық секциялар	Үйірме, клуб атауы	Үйірме, клуб атауы
1	Абиева Самал	-	-	-
2	Абилова Аяжан Сақтап бергенқызы	-	-	-
3	Бадалова Сабина Саметқызы	-	Информатика	-
4	Байбосинова Камила	-	Информатика	-
5	Бакыт Сабина Бакытқызы	-	Информатика	-
6	Бухаева Жұлдыз Қаныбекқызы	Волейбол	-	-
7	Дузбаева Жаркын Муктаровна	Волейбол	-	Хип-хоп би
8	Ещанова Гүлзат Жолдасқызы	Теннис	-	-
9	Жеткергенова Алтын Қанатқызы	-	«Лингвист» клубы	-
10	Жұбатқан Көркем Махсатқызы	-	«Лингвист» клубы	-
11	Зинеғалиева Сарарқа Әмірбекқызы	-	«Көзқарас» дебат	-
12	Исмагулова Жұлдыз Кучербаевна	-	«Көзқарас» дебат	-
13	Конурин Тамара Николаевна	-	Информатика	-
14	Куракова Александра Андреевна	Волейбол	-	-
15	Кучербаева Айжан Русланқызы	-	Информатика	-
16	Кочкина Ольга Сергеевна	-	«Лингвист» клубы	Хип-хоп би
17	Қазанғапова Ақнұр Амандыққызы	-	Информатика	-



18	Наурызғали Дана Салимжанқызы	Волейбол		-
19	Нұрқанова Данагүл Аққозықызы	-	Информатика	-
20	Нұрланова Лиза Өтегенқызы	-	«Көзқарас» дебат	-
21	Нұрмағамбетова Альбина Ержігітқызы	-	Информатика	-
22	Нұрмұхамбет Дамира	Волейбол	-	-
23	Тухтабаева Лаура	-	Информатика	-
24	Юсупова Милана Сейтәминовна	-	«Өзге тіл» клубы	-
25	Жаксылыкова Альбина Армановна	-	«Лингвист» клубы	-

Бітірушілердің жұмыспен қамтылуын және кәсіби қызметіне бақылау жүргізіледі.

Колледж басшылығы кадр қажеттілігі туралы ақпаратты үнемі талдап отырады.

### Кесте. 2014 - 2017 оқу жылдарында түлектердің жұмысқа орналасуы

Мамандықтың атауы мен коды	Бітірушілер саны	Жұмысқа орналасқаны	Жоғары оқу орнында оқитындары	Жүктілік демалысы	Жұмысқа орналасу қажеттілігі	Жұмыспен қамтылу %
0101000 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	13	13	-	-	-	100%

«Білім алушылар» стандарты бойынша ББ меңгеруі мен білікті мамандардың кәсіби дайындығының нәтижесі жұмысқа орналасу екенін атап өтуге болады. Қазіргі уақытта ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, кәсіптік бағдар берудің заманауи түрлерін енгізу қажет.

Білім алушылардан сыртқы сараптама комиссиясының өткізілген сауалнама нәтижесі төмендегідей:

- 80% сабақтың мазмұнын көрсететін тұрақты бағалау (семинарлар, тесттер, сауалнама және т.б.) қанағаттандырылады;

- 89,1% - емтихандар мен сертификаттау әділдігіне қанағаттанған,

87,3% - оқу жүктемесіне және студентке қойылатын талаптарға қанағаттанған.

#### Күшті жақтары / Үздік тәжірибе

- тыңдаушылар контингентін қалыптастыру және оның рәсімдерінің ашықтығы ;
- дарынды оқушыларды қолдау бағдарламаларының болуы;
- ББ басшылығы оқытудың нәтижелерін бағалау нәтижелері туралы ақпаратты дер кезінде ұсынуды қамтитын кері байланыс жүйесінің жұмысын көрсетеді.

Аккредитациядан өткен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру барысында колледждің қызметін одан әрі дамыту және жетілдіру мақсатында Аккредитация және рейтингтің тәуелсіз агенттігі келесі мәселелерді ұсынады:

1. 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша курстық жұмыстардың орындалу сапасын арттыру мақсатында курстық жұмыстың орындалуы туралы ережені әзірлеу қажет.

2. Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды және қолданбалы дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін колледждің қоғамдық студенттік құрылымдарының негізінде құру мүмкіндігін қарастыру.

**Сыртқы сараптау комиссиясы атап өткендей, осы стандартта колледждің мамандандырылған профилі 6 мықты позициядан, 3 - қанағаттанарлық, 1 – жақсартуды талап ететін жақтарын көрсеткен.**

### **6.3 стандарт . « Педагогикалық ұжым және сабақ беру тиімділігі » .**

1. Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін басшылық ОП? Тәжірибелі мамандарды тарту қажет.

2. Б.Б басшылығы пед-қ ұжымның білім беру процессінде инновацияларды үнемі қолдануға түрткі болу.

3. Б.Б басшылығы білім беру процессінде кадрлық потенциалдың спецификаға сәйкес болуын көрсетуі тиіс.

4. Тос КББ. Ұжымы пед-қ ұжым туралы мәліметтердің жалпыға отрақ қолжетімді болуын қамтамасыз ету.

5. Б.Б басшылығы пед-қ ұжымның әрекеті, педагог құзыреттілігін жүйелі бағалау, сабақ беру сапалылығын кешенді бағалау мониторингімен қамтамасыз ету.

6. Б.Б басшылығы жоспарланған жүктеменің барлық түрлері бойынша орындалуын дәлелдеуді көрсету қажет.

7. Б.Б басшылығы жас мамандардың бағытталған әрекеттерін дамытуы тиіс.

8. ББ басшылығы педагогтар мен жұмысшылардың кәсіптік және тұлғалық дамуы негізінде ынталандыру механизімін көрсету қажет.

9. ББ басшылығы пед-қ ұжымының қанағаттанарлық мониторингі мен қамтамасыз етуі тиіс.

10. Б.Б басшылығы пед-қ ұжымының инновациялық әдістер мен оқыту формаларын қолдануды көрсету.

11. Пед-қ ұжымының қоғамдық өмірге араласып, қатысуда маңызды фактер болып табылады

Дәлелдеу бөлімі: Кадр саясаты КМ жБ негізгі шарттарына сәйкес жүзеге асырылады. Колледждің даму стратегиясы адами ресурстар төңірегіндегі заманауи үрдістермен

жұмысшыларды жұмысқа қабылдау және бөлу міндеттері олардың біліктілік қабілеттері мен мінездемелеріне қарай іске асырылады.

ББ тіркеуінен өткен оқытушылардың кәсіптік-біліктілік деңгейі олардың оқуға дайындығы мен лицензия талаптары бағытында анықталады.

Барлық оқытушылардың базалық білімдері бар, сабақ берудің сапасын арттыру мақсатында өндіріс пен білім беру ұйымы м.д.т және оқыту байланыс орнатқан. Мысалы 0101000 мамандығы бойыншы №6 балабақша оқытушысы Хосомова Т.Е. жұмыс жасай отырып, қосымша сабақ береді. Бірақ осы мамандық бойынша кадр жетіспеушілігі сезілетінін дәлелденді. Жангужина Р.К, Утенова А.К, сияқты оқытушылар мамандықтары сәйкес келмеседе дәріс беріп жүргендігі анықталды.

Сауалнама қорытындысы негізінде 53,7% көрсеткішпен педагогикалық ұжымы колледж жетекшілігін «жақсы» деп бақылап қолдайды, 56,1 % біліктілікті арттыру жұмыстары жақсы жолды қойылған деп санайды.

Жақсы тұстары/ үздік тәжірибе

-колледж жұмысы жас мамандардын биімделі және оларды қолдау бағытында оң нәтиже беріп келеді.

-оқытушылардың конференция семиналарға қатысып, біліктерін өсу мақсатында ынталдандыру әдістерін жүргізіп, қолданып келеді.

СӘК ұсыныстары:

1. Кадр мәжілісін шешу кезінде колледж әкімшілігі заңсыздыққа жол бермеуі тиіс.
2. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында арнайы пән оқытушыларының тәжірибеден өтуін ұйымдастыру.
3. Оқытушылардың кәсібі даму мониторингін көтеру үшін оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін бағалаудың рейтингтік жүйесін енгізу.

СӘК пікірінше, аталмыш стандарт бойынша, арнайы салалы мамандандырылған колледж 4 мықты ұстанымды, 4- қанағатанарлық, 3- әлі де жақсартуды қажет ететін 3 ұстанымды құрайды.

#### **6.4 Стандарт «Білім алушылар»**

- ББ жетекшілігі білім алушылар контингентінің қалыптасу саясатын жариялау қажет.

- ББ жетекшілігі білім алушылардың кәсіптік және әлуметтік сияқты негізгі рөлдерін меңгеруді жариялау қажет.

- Оқыту үрдісінде білім алушылардың кәсібі сертификациялауы маңызды фактор болып табылады .

- Дарынды оқушыларды қамдау бағдарламасының болуы маңызды фактор болып табылады.

- ББ жетекшілігі түлектердің еңбекке орналасу жағдайы мен олардың колледжбен байланыс орнатуына көп көңіл бөлуі тиіс.

-Түлектердің кәсіби әрекеттері мен олардың еңбекке орналасу мониторингі маңызды фактор болып саналады .

- ББ білім алушылардың бағдарламадан тыс өзін-өзі жетілдіруіне белсенді ынталануы қажет.

-ББ жетекшілігі білім алушылардың өзара пікір алмасуына мүмкіндік туғызуы қажет.

-ББ жетекшілігі білім алушылардың қорытынды бағалары мен жедел түрде ақпараттар ұсынып, кері байланыс жүйесін орнату қажет.

#### Дәлелдеу бөлімі

0501000 «Іс жүргізу және мұрағаттану» мамандықтары бойынша білім алушылардың контингенттік қалыптастыру саясатын: орта мектеп бітірген түлектер, техникалық және кәсіби білімдері бар түлектер, мемлекеттік тапсырыс және оқылу негізінде оқитындар құрайды.

Ағылшын мамандықтар бойынша білім алушылар жұмыс ұсынушылардың және еңбекке орналасу көрсеткішін талаптарын есепке алу негізінде қабылданады. Олардың қабылдану жөніндегі ақпаратты [ndfk.kz](http://ndfk.kz) сайтында жарияланады.

Білім алушылар контингенті: 0510000 «Іс-жүргізу және мұрағаттану»: 1курс -25 студент; 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы 3 курс-11 ақылы негізінде. Сырттай бөлімде 1курс-15, 2-курс-15 ақылы негізінде білім алатындар. Статистикалық анализ көрсеткендей, соңғы 3 жыл бойы білім алушылар саны азаюда, себебі ауылдан келіп білім алғысы келетіндердің төле қабілеті өте төмен.

1-курс студенттерін колледжге бейімдеу мақсатында кәсіби бағыттағы апта басталып, олардың алғашқы білімдерін тексеру, бағалау ережелері, бөлімдермен танысу, колледж жарғысымен танысу, жатақханада тұру ережесі, үйірмелер, студенттердің өзін өзі басқару ұйымдары, кітапхананың жұмыс жасау кестесі, оқу залының нұсқаулықтары және ақпаратқа қол жеткізудің электрондық жүйесі сияқты жұмыстар жүргізіледі. Колледж студенттерге білім сапасын анықтаудың мониторингін және жүйелі түрде сауалнама өткізеді. Әсересе, ББ жетекшілігі студенттердің ғылыми-шұғырмашылық ізденісіне үлкен мән береді: олар; олимпиадалар, колледжішілік, аймақтық, республикалық, тіпті халықаралық масштабтағы ғылыми конференцияларға қатыстырады.

2 кесте 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша білім алушылардың ғылыми-ізденушілік жұмыстарына қатысуы

№	Білім алушының тегі, аты, әкесінің аты	Оқытушының Тегі, аты, әкесінің аты	Жоба Атауы	Жетістіктері
<b>2016-2017 оқу жылы</b>				
1	Якиева Ақжан Абдуалиевна	Сарбаева Б.Н	Гендік-модификацияланған өнімдердің адам ағзасына әсері	Студенттік ғылыми ізденіс нәтижелері: «талдау және мәселелер» тақырыбындағы I республикалық студенттік ғылыми практикалық конференциясы Сертификат
2	Скидан Татьяна Евгеньевна	Абдуалиева А.А	Тұлға: Отбасында тұлғаның қалыптасуы.	Студенттік ғылыми ізденіс нәтижелері: «талдау және мәселелер» тақырыбындағы I республикалық студенттік ғылыми практикалық конференциясы II-дәрежелі диплом

№3 кесте 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша №306 топ студенттерінің облыстық, колледж аралық іс шаралар мен байқауларға қатынасуы.

№	Білім алушының тегі, аты, әкесінің аты	Оқытушының Тегі, аты, әкесінің аты	Жоба Атауы	Жетістіктері
<b>2015-2016 оқу жылы</b>				
1	Топтың барлығы		Би әлемі	Алғыс хат
2	Топтың барлығы		Сұр қалаға сыр айтады сыңсып күз	Мадақтама
3	Қуат Бахытгүл	Тымбаева М.К.	Екі жұлдыз	Диплом
4	Топтың барлығы		ЖҚТБ-ны алдын алу шарасы	Мадақтама
5	Топтың барлығы		Тәуелсіздік таңы атқанда	Мадақтама
6	Скидан Татьяна Евгеньевна		Пауэрлифтинг ҚР біріншілігі	1-орын
<b>2016-2017 оқу жылы</b>				
7	Якиева Ақжан Жумабекова Асель	Бегимбаев А. У	А.Ә.Д. бойынша облыстық жарыс	1-орын
8	Скидан Татьяна	Таласбаева Г.Т	Екі жұлдыз	2-орын
9	Якиева Ақжан Жумабекова Асель, Қуат Бахытгүл, Баймен Қарагөз		Далалық жаттығу жиындары	Мадақтама

Байқау қорытындылары білім алушылар арасында хабарласып, өз кезегінде колледж басшылығы марапаттаса, оқытушылар арасында да семинарлар мен конференция отырыстарда айтылады.

Студенттік ұйым мен жастар комитеті ұйымдастырушы педагогпен бірлесе отырып, студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, қызығушылықтарын арттырып түрлі клуб жұмыстарына белсене араластыру бағытында жұмыс жасайды. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығында оқитын білім алушылар үшін

«Өзіңді тану», «Қол өнер» сияқты үйірмелер мен «әлеуметтік педагогика» сабағы жүргізіледі.

**ВЖ ұсыныстар**

1. м.д.т. және оқыту мамандары бойынша білім беру процесінде модульді-қүзіретті оқыту жүйесін енгізу мүмкіндіктерін қарастыру.

